Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№22 (9909)
18 наурыз
сенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

САММИТ

Бауырлас елдердің бірлігі бекем

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысты. Келелі басқосу Түркияда болған жойқын жер сілкінісінен қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ең алдымен саммитті өткізуді ұсынған Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке және қонақжайлықпен қарсы алған Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты. Бұдан кейін Қазақстан Президенті жер сілкінісінен қаза тапқан марқұмдардың туғантуыстарына және бүкіл Түркия халқына тағы да көңіл айтты.

– Алапат зілзаланың зардабын тартқан түрік елінің қайғысы барша түркі жұртының қасіреті деп білемін. Қазақта «Қайғыны бөліссең, азаяды» деген сөз бар. Ағайынның басына күн туғанда біздің халқымыз ешқашан қол қусырып отырмайды. Қазақстан халқы бірден түрік бауырларға қол ұшын созды. Құтқарушыларымыз және дәрігерлеріміз дереу көмекке аттанды. Қажетті құралдармен жабдықталған ең тәжірибелі, білікті мамандарымыз құтқару жұмысына атсалысты. Бауырлас елге гуманитарлық және қаржылай көмек көрсетілді. Жойқын жер сілкінісі еліміздің азаматтарын да бейжай қалдырмады. Біздің халқымыз бауырларымыздың басына түскен қиындықты бірге көтеруге атсалысты. Қазақта «Асар» деген жақсы ұғым бар. Жұрт бірлесіп, мұқтаж жанға көмек қолын созады. Осы мақсатта Қазақстаннан Анадолы еліне көптеген еріктілер келіп, аянбай еңбек етті. Олар – ел басына ауыртпалық түскенде алғы шепте болатын шынайы патриот азаматтар, жаны таза адамдар. Еріктілерді ортақ іске жұмылдыру аса маңызды. Сондықтан мен Ұйымымызға мүше елдердің өкілдерін биыл Астанада өтетін Еріктілер форумына шақырамын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Біз бауырлас Түркияға одан әрі қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент апат аймағында әлеуметтік нысан салып беруге Қазақстан дайын екенін атап өтіп, халықаралық қауымдастықтың Анадолы еліне көрсеткен демеуін жоғары бағалайтынын жеткізді. Сондай-ақ ол Еуропадағы серіктестеріміздің Халықаралық донорлар конференциясын өткізу туралы бастамасын құптайтынын жеткізіп, мұндай бастамаларға түркі елдері де атсалысатынына сенім білдірді.

Иә, Мемлекет басшысы айтқандай, Түркі мемлекеттері сын сағатта ауызбіршілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетті. Бұл тұтас түркі жұртының бауырмалдығын одан әрі нығайтатыны тағы да анық.

Мемлекет басшысы басқосудың «Апат және төтенше жағдайлар менеджменті, гуманитарлық көмек» деген тақырыпта өтуі бекер емес екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, жер жүзінде табиғи және техногендік апаттар көбейіп жатыр. Бұл жағдай өте өзекті халықаралық мәселенің біріне айналған.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

ЕГІНЖАЙ – 2023

Ауыл еңбеккерлері ақ егісті бастады

Жердің тоңы жібіп, ауылдағы ағайын ақ егісті бастап кетті. Қыстай кетпенін мұзға қайраған диқандардың қырманды дәнге толтырудың қамына кіріскеніне де бірнеше аптаның жүзі болды. Күрежолдың бойында егіс алқабы бар «Байтабын» ЖШС ұжымы өткен аптада ақ егісті бастады.

Иә, Бұқарбай батыр ауылындағы шаруашылық ұжымы көктемгі науқан жұмыстарын елден бұрын бастауды дәстүрге айналдырған. Есесіне ала жаздай күтіп баптаған егінді жауынға қалдырмай қырманға құйып алады. Биыл да шаруашылық ұжымының дала жұмысы әдеттегідей айналасынан бұрын басталды.

«Батыр атындағы ауылда ақ егіс басталды» дегеннен шаруашылықтың егіс алқабына атбасын бұрдық. Үлкен жолдың бойында бізді тосқан «Нива» автокөлігі шаруашылыққа тиесілі екен. Аман-саулық сұрасып, егіс басына бір-ақ тарттық.

Артында тіркемесі бар қос трактор алқапқа айтарлықтай сән беріп тұр. Бірі атыздың басынан соңына дейін тіркемеден тұқым тастаса, келесі механизатор оған жанаса кетеді. Бас-аяғы 20-30 минутта атыздан-атызға ауысқан қос механизатордың санаулы күнде ақ егісті сеуіп тастайтыны көрініп-ақ тұр. Оның үстіне биыл егілетін жоңышқаның көлемі де айтарлықтай көп емес.

Былтыр шаруашылық 200 гектардан астам алқапқа жаңа жоңышқа сепкен. Биыл да оның көлемінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бастысы, шаруашылық ұжымының ротацияны қатаң сақтайтыны көрініп-ақ тұр. Әлбетте күріштен түсетін табыс жоңышқаға қарағанда айтарлықтай жоғары. Алайда төраға Болат Ділдабеков үшін өнімнің көлемінен сапасы маңызды. Тіпті әлі жерге дән түспей агроном Сұлтанбек Үсейіновты егіс басына қойғаны да сондықтан.

Бұрын ауылдағы үлкендер пысықай біреуді сөз еткенде әңгімесін «оның білмейтіні жердің астында» деп бастайтын. Сұлтекең жердің астындағы дәннің де қай уақытта қалай пісіп-жетілетінін жетік біледі екен. Қазір ауыл шаруашылығы дақылдарының қайсысына қандай күтім қажет, ол жағы серіктестіктің бас агрономына таңсық емес. Бүгін олар 207 гектар алқапқа жаңа жоңышқаны бидаймен араластырып септі.

Әзірге егіс басында 10-15 адам бар, негізгі жауапкершілік механизаторларға жүктелген. Бригадир Болат Жетпісбайұлы наурыздың аяғында жерді сүдігерлеуге кірісетінін айтады. Ол басшылық ететін бригада биыл 500 гектар күріш пен 100 гектар жоңышқаның шығымына жауапты.

Айта кетейік, былтыр шаруашылық 800 гектарға жуық алқаптан жоңышқа өнімін жиған. Оның 210 гектары жаңа жоңышқа болса, 580 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған. Биыл да 207 гектарға жаңа жоңышқа егіп отыр. Сыр салысын былай қойғанда, жоңышқаның тұқымына дейін өздері дайындайды. Өнім өздерінен бөлек басқа да шаруашылықтарға сатылады екен. Мәселен, биыл дайындалған 10 тонна жоңышқа тұқымының өздері тек 4 тоннасын пайдаланып, қалғанын сатылымға шығарады. Жоңышқа сұрпының сапасы жоғары болса керек, тіпті басқа да облыстардан сұраныс болады екен. Оны дайындайтын германиялық аппарат 2018 жылы 48 млн теңгеге сатып алынған.

Агроном Сұлтанбек Қабылбекұлы көктемде «Байтабын» ЖШС 500 тоннадай күріш пен 4 тонна жоңышқа тұқымын себетінін айтады. Ал қалғаны жергілікті шаруашылықтарға сатылады.

«Байтабын» ЖШС былтыр 1 100 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Сыр салысының әр гектарынан 70 центнерден орташа өнім жиса, диқандардың алды әр гектардан 86 центнер астық алған.

Былтыр аяқ судың мәселесі жергілікті шаруашылықтардың ешқайсысын айналып өткен жоқ. Уақыт өткен сайын мәселе күрделеніп келеді. Егер келер жылы мұндай мәселе қайталанбаса, «Байтабын» ЖШС 1390 гектарға күріш егетінін айтқан. Биыл мамандар су тапшылығы айтарлықтай қиын болмайды деп болжам жасады. Жақсы жаңалықтан құлағдар болған шаруашылық ұжымы биыл 1300 гектарға күріш егуді межелеп отыр.

Шаруашылық бүгінде 107 адамды жұмыспен қамтиды. 3 өндіріс бригадасы биыл науқанды оң нәтижемен қорытындылауға ниетті. Техникадан да мәселе жоқ, төраға Болат Ділдабеков «ала жаздай бапталған өнім жауын-шашынға қалады» деп уайымдамайды. Себебі ол шаруашылық базасын толық заманауи соңғы үлгідегі техникалармен жарақтаған. Ал мұның еңбек өнімділігіне де оң әсері болатыны айтпаса да анық.

Соңғы жылдары серіктестік егінді әртараптандыруға да басымдық берген. Былтыр ауыл халқына бақша салу үшін біршама жер ашып берген еді. Жергілікті тұрғындар қыстай тұтынатын картоп-сәбізін, қызылша, асқабын өздері өсіріп, жинап алды. Болат Ділдабеков ағамыз бұл жылдағы қалыптасқан дәстүр екенін айтады. Әрине шаруашылық қолға алған бұл бастаманың жергілікті халыққа тиімді екені айтпаса да белгілі. Ал биыл мақсары, соя секілді суды аз қажет ететін дақылдарға да басымдық беріледі екен.

Шаруашылық өз кәсіптерінен бөлек ауылдың болашағы үшін де жарқын жобаларды жүзеге асырғанын аудан жұрты жақсы біледі. 100 млн теңгеден астам қаражатқа спорт кешенін салды. Бүгінде батыр атындағы ауылдың жастары оның игілігін көріп отыр. Одан бөлек бірнеше жылдан бері ауылда тұралаған интернет байланысына қатысты мәселені де түбегейлі шешіп берді. Үлкен балалар ойын алаңының өзі бүгінде ауыл балақайларына айтарлықтай базарлық болғаны көрініп-ақ тұр. Табысын жұртымен бөлісетін осындай ұжымның жұмысында береке болатынын «Байтабындықтардың» бүгінгі тыныс-тіршілігі айқындап тұрғандай. Жұмысы жүйелі, мақсаты айқын.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Кеше аудандық «Иманқұл» мешітінде игі шара өтті. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» дегендей, жақсы жандардың жанына жылулық сыйлаған азаматтардың бұл ісі көпке үлгі боларлықтай. «Наурыз шапағаты» атты қайырымдылық акциясы аясында бірнеше отбасы қуанышқа кенелді. Игі шараға қатысқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов та акцияға атсалысқан үлкенжүректі азаматтарға алғысын айтып, қайырымдылық жасау ең ізгі ықыластан болатынын айтты.

Қайырымдылық жасасаң, қайырын көресің

Иә, расымен жүрекпен жасалатын амалдардың ең әуелгісі – ықылас. Бұл – құлшылықтың негізі. Жасаған амалыңыздың қабыл болуы не кері қайтарылуы да осы ықыласқа байланысты. Бір сауапты істі бастарда ниеттің дұрыс болуы маңызды. Мұсылман адам бұл амалдарды атқару алдында Жаратушының разылығынан, сауабынан үміттенуі керек. Ал адам баласының бойында адамгершілік пен ізгілік ұштасқанда жүректен игі істер туады. Сол игі істердің бастамашысы бола білу үлкен жүректі азаматтардың қолынан келмек.

– Әлемдегі барлық жаратылыс адамзаттың игілігіне берілгенімен, бүкіл жаратылыстың иесі – Алла. Ол біздерге мал-мүлік берсе, Алланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, орнымен жұмсап, шүкіршілігі ретінде Алла разылығы үшін белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру керектігін де ескертеді. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде де қайыр-садақа ретінде не берсеңдер де өздерің үшін жақсы болады. Не берсеңдер де, тек Алланың разылығы үшін берулерің керек. Ізгілік жолында не жұмсасаңдар да, соның бәрі өздеріңе толық қайтарылады және сендер әділетсіздікке ұшырамайсындар деген. Расымен әр адамның істеген ізгі амалы өзіне пайда береді, – деген мешіттің бас имамы қанша отбасыға қуаныш сыйлап, осындай игі істерде бастамашы болып жүретін азаматтарға алғысын білдірді.

«Наурыз шапағаты» қайырымдылық шарасы – аудан азаматтарының ауызбіршілігі мен ынтымағын, қамқор көңілі мен мейірбандығын көрсететін рухани шара. Әр күні жылға азық болар берекелі мезгілде жақсылықтың тілекшісі болған жомарт жандар ата-баба рухына құран бағыштап, құрбандық шалды. Ақ түйенің қарны жарылған, тіршілік жаңарып, Жер-Ана бусанған Ұлыстың Ұлы күнімен тұспа-тұс жасалған игі іске куә болған аудан халқы да бірлік пен берекенің мекені болған өңіріміз тек жақсылықтың жаршысы болсын деген ізгі тілектерін жаудырды.

Біле білсеңіз, игі іс жасау деген міндетті түрде біреуге дүниеңнің жартысын бөліп беру деген түсінік емес. Түсінгенге сауапты іс, бұл – үлкен жүректен шығатын кішкене ғана іс-әрекет. Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады.

Нұр НАУАН

Наурыз

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КҮНІ ЖАЛАҒАШ КЕНТІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

№	Өткізілетін іс-шаралар	Уақыты	Өтетін орны
1	“Жаңа күннің жаршысы – Әз Наурыз” атты Наурыз мерекесіне арналған театрландырылған қойылым мен мерекелік концерт	2023 жыл, 21 наурыз, сағат 10.00	Орталық алаң
2	Ұлттық спорт түрлерінен жарыс	2023 жыл, 21 наурыз, сағат 09.30	Орталық алаң
3	Киіз үй алдында қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін қойылымдар	2023 жыл, 21 наурыз, сағат 09.30	Орталық алаң
4	Киіз үйлер мен шатыр астында наурыз көжеден дәм тату	2023 жыл, 21 наурыз, сағат 09.30	Орталық алаң

Бауырлас елдердің бірлігі бекем

Қасым-Жомарт Тоқаев осындай күрделі кезеңде Қазақстан гуманитарлық шаралардан шет қалмайтынын жеткізіп, түркі елдері төтенше жағдай кезінде тиімді әрекет етуі керектігін алға тартты. Сондай-ақ Ұйым хатшылығы мен мүше мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайта түсу үшін бірқатар ұсынысын да ортаға салды.

– Біз табиғи апаттың алдын алу үшін күш жұмылдыруымыз керек. Түркиядағы зілзала қауіп-қатерге қашанда дайын болу қажеттігін көрсетті. Сондықтан ұйым аясында Төтенше жағдайлар мекемелерінің бірлескен күшін жасақтауды ұсынамын. Оны Алматыдағы Төтенше жағдайлар және алапат жер сілкіністерінің қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықтың негізінде ашуға болады. Бұл орталықты 2016 жылы Қазақстан және Қырғызстан үкіметтері құрған. Бірлескен күшке Ұйымның Азаматтық қорғаныс хатшылығы мәртебесін берген жөн деп санаймын. Ол апаттан зардап шеккен елдерге көмек көрсету жұмыстарын үйлестіретін болады. Осы құрылым аясында халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, құтқарушылардың біліктілігін арттыру және оқу-жаттығу курстары өткізіледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы іздестіру және құтқару қызметтерінің дайындығын күшейту қажеттігін екінші ұсыныс ретінде атады. Осы мақсатта Президент елдеріміздегі Төтенше жағдай мекемелерінің күштері мен техникалық құрал-жабдықтарының тізімін әзірлеуді ұсынды. Бұл шара қиын сәтте шұғыл әрекет етіп, апаттың салдарын жоюға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруге мүмкіндік бермек.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайдың алдын алу үшін ақпарат бөлісіп, құтқарушылардың тәжірибе алмасуы өте маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ биыл күзде Қазақстанда «Қазқұтқару» халықаралық оқу-жаттығу жиыны өтетінін еске салды. Президент Ұйымға мүше елдердің құтқару қызметтерін аталған іс-шараға қатысуға шақырып, сол кезде осы салаға жауапты мекеме басшыларының алғашқы басқосуын өткізуге болатынын айтты.

Президент қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдегі экономикалық ахуалдың күрделі кезеңінде Түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы нығая түскенін өте дұрыс қадам деп санайды.

– Біздің ұйым сол арқылы халықаралық деңгейде өзіндік орны бар екенін көрсетті. Елдеріміз саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды биыл күзде Қазақстанда өтетін Ұйымның оныншы мерейтойлық саммитіне шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қиын сәтте халықаралық қауымдастықтың түрік халқына қолдау көрсетуі Режеп Тайип Ердоғанның жоғары беделі мен еліне жасап жатқан риясыз қызметінің нәтижесі деп санайтынын жеткізді. Оның пікірінше, биыл 100 жылдығын атап өтетін Түркия Республикасы зор беделге ие. Оның дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан Түркия басшысына алдағы Президент және Парламент сайлауында сәттілік тілеп, оны түрік жұртының қолдайтынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында жиынға қатысушыларды алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, осы мейраммен тұспатұс келетін қасиетті Рамазан айының басталуына орай ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар жиында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түркменстанның Милли Генгеші Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан және Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Құбанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі. Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитінің қорытындысы бойынша Түркі мемлекеттері ұйымы кезектен тыс саммитінің Анкара декларациясы, Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау механизмін құру туралы шешімі мен Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімге қол қойылды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Ойтаразы



Тазалық өз аулаңнан басталсын

Көктемнің алғашқы сенбісінен бері аудан орталығында және ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы ұйымдастырылуда. Сенбілікке мекеме қызметкерлері мен аудан тұрғындары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізіліп келеді. Өңірдің өркендеуін, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосуда.

Жалпы бала күнімізде анамыздан жиі еститініміз «Тазалықты әуелі есіктің алдынан, кіреберістен бастаңдар!» деген сөз еді. Сонда «Адам бірінші анау төрден бастап ауызға дейін жинастырмайды ма?» дейтінбіз іштей. Ол кездегі үлкендердің осы сөзі біз үшін қате сияқты көрініп, реттілікпен тазалаған дұрыс емес пе деп өзімізше айтушы едік. «Ананың көңілі балада» деп тегін айтылмаған ғой, сонда әлгі сөздің өзі біз үшін үлкен тәрбиенің өзегі екенін түсінбеппіз.

Иә, тазалықты кіреберістен, өз аулаңнан бастаудың өзі тегін емес. Сырт көз сыншы демекші, көзге томпақ келетін кедір-бұдырды, аяғына оралатын күл-қоқысты, болмашы кемшілікке біздің көзіміз үйреніп кеткенімен, сырттан келген адам үшін айна-қатесіз көрініп тұратыны рас. Мейман келе жатқаннан аулаңа, кіреберісіңе қарайды. Егер тап-тұйнақтай болса сүйісініп келіп, сүйісініп кетеді. Ал осындай абырой бәрімізге ортақ. Өйткені бұл киелі мекенде сіз бен біз өмір сүрудеміз. Артығы да, кемшілігі де, сын да бізге айтылады, сөз де өзімізге тиеді. Сондықтан әр тазалық маусымы болған сайын «Тазалықты өз аулаңнан баста» деген қағиданы, ұранды үндеуді көп айтатынымыз, жиі еститініміз де содан. Қазақ «Көп түкірсе көл» дейді ғой, әрбір тұрғынның өз ауласынан бастаған тазалық жұмысы кентіміздің гүлденуіне үлкен үлес қосады.

Аудан орталығындағы көркейту-көгалдандыру жұмыстары, тазалық айлығы басталып кетті бүгінде. Тазалыққа тастай талап керек екенін, өзіміз тұратын өлкенің күл-қоқыстан таза болуын, кез келген келеңсіздіктің ұяты өзімізге келетінін жете түсінетін кент тұрғындары тазалық маусымында бір кісідей атсалысуда. Осының ізімен әр сенбі сайын аудан орталығында және ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы өтіп келеді. Әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізуде. Өңірдің өркендеуін, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосуда. Біріміз беліміз еңкейгенше жерді тырмаласақ, енді біріміз жанымызды салып сол қоқысты тасимыз. Тіпті отбасындағы тірлігін жиып қойып сенбілікте белсенділік танытып жүретін аналарымыз да аз емес. Әрине, мұның бәрі тазалық үшін, түптеп келгенде өзіміз үшін. Алайда бір биеден ала да туады, құла да туады демекші, қоғам болғасын әртүрлі көзқарастың болуы да заңдылық. Тазалық барлығына ортақ екенін білсе де, жауапкершіліктен жалтаруды құп көретіндер табылып жатады.

Халық тарапынан кентті абаттандыру жұмысы туралы сөз болғанда айтылатын бір ғана жауап ол – әрбір үй иесінің тазалықты өз ауласынан бастауы. Бірақ қол қусырып қарап отырмау керек, әрекет етуге тиіспіз. Кенттің көркейіп-көгалдануы тек қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің әрбір күл-қоқысын тазарту екі қолдың көмегімен жасалатын іс. Біле білсек, сол күл-қоқысты тастайтын өзіміз, әр ауланың айналасына тұрмыстық қалдықтарды жинап қоятын да өзіміз, қала берді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да төге салатын сол тұрғындардың өздері. Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлестерін қосқаны абзал. Әрбір адам өзі тұратын үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, күл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы да анық. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Жалпы жеке тұрғынның меншігіне қарасты аула әркез таза болса, сенбілік жұмыстарына білек сыбана кіріскен мекеме қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдейді. Ал ауламыз таза, кентіңіз көркейіп тұрса онда бәріміз үшін ортақ мақтаныш. Ал тазалықты өз ауламыздан бастау, сенбілік жұмыстарына бір кісідей атсалысу ең бастысы жауапкершіліктен жалтармау керек.

Нұр НАУАН

2023 жылы I тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Есжанов Асқарбек Темірбекұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағанбетов Арнұр Әлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сүлейменов Ғани Кенжеғарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Тіл мәртебесі бірінші орында

Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы «Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері» деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген болатын. Бір сөзбен айтқанда, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Халық қаһарманы айтқандай, әр ұлттың тіл байлығы олардың мәдениетінен де хабар бермек. Біздің елде де мемлекеттік тілдің мәртебесі бәрінен биік.

Ел егемендік алғалы күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі – тіл мәртебесін көтеру. Бірақ бұл жолда жасалу үстіндегі шаралар толықтай оң нәтижеге жеткізді деп айту қиын. Өйткені қоғамда ана тілімізге деген көрсетілетін құрмет өз деңгейінде болмай тұр. Оны әр өңірдегі ерекшеліктерден, өз тілінен өзге тілді жанына жақын тұтатын отандастарымыздан байқаймыз. Сүйіншілейтін дүние емес, керісінше қынжылтатын жағдай. Тіпті бұл – ең үлкен мәселе. Өйткені ана тілдің өміршеңдігі ұлттың дамуымен тікелей байланысты.

Түптеп келгенде өз ана тілінен безіп, оның шұбарлануына жол берудің басты себебі еліктеушілік деп ойлаймыз. Өзге мемлекеттерге, батысқа еліктеудің, заманауи боламыз деудің салдары бүтін ұлттың тілінің ала-құла болуына әсер етуде. Бірақ бұл ретте қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ. Қоғамдағы осындай мәселе ел билігінің себепкер болуымен көтеріліп те жүр.

Қазақстан әуелден мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру жұмыстарын қолға алды. Әрине бірден бола қоятын, нәтижесін бүгін, ертең бере салатын оңай іс емес. Дегенмен ештен кеш жақсы дегендей, әйтеуір келер ұрпағымыз өз ана тілінің мәртебесін бәрінен жоғары қойып, өз тілінде таза, анық сөйлейтін болса, біздің ұтар жеріміз осы. Еңбегіміздің, бүгінгі қолға алған ісіміздің нәтижесін бергені деп ойлаймыз.

Жалпы, Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруді қуаттайтын әрбір азамат оны өзінен бастауы керек. Расымен, Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесі биіктеп, қоғамдағы азаматтардың барлығы қазақ тілін жетік меңгеруі тиіс.

Абзал СЕРАЛИЕВ,
аудандық полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары,
полиция подполковнигі

Қауіпсіздік бәрінен маңызды

Отты және газды пайдалану барысында қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан келетін қауіп орасан. Соның ішінде газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану маңызды. Алайда көгілдір отынды пайдаланушылардың барлығы техникалық қауіпсіздік шараларын сақтай бермейді. Осының салдарынан қайғылы оқиғалар орын алуы мүмкін.



Газ жабдықтарын өз бетінше орнатуға болмайды, міндетті түрде газ шаруашылығының маманын шақырту керек. Ал газ жабдықтарының дұрыс жұмыс істеуіне үй иесінің өзі жауапты екенін естен шығармаған абзал.

Үйді газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге болмайды. Кез келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

Улы газды және метанды газдануды автоматты бақылау жүйесін орнатқан дұрыс. Тұрғын үйлерге алғаш рет табиғи газ жіберер алдында тұтынушылар газ құрылғыларын, газ мұржасы мен жылыту пешін, газбен су жылыту құрылғыларын қауіпсіз пайдаланудың нұсқаулықтарымен толық танысуы керек.

Жұмыс істеп тұрған газ құрылғысы орналасқан бөлмеде кішкентай балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Қолдан жасалған газ құрылғысын мүлде қолданбаған дұрыс, тек зауыттан шыққан құрылғыны ғана пайдаланыңыз.

Газ құрылғыларын өздігімен жөндеуге, тасымалдауға болмайды. Пәтерде газдың иісі шықса, барлық газ крандарын жауып, бөлмелерді желдетіп, от тұтандырмау, электр құрылғыларды қосып, өшірмеу керек. 104 апаттық газ қызметіне төтенше жағдай орын алған жағдайда аудандық өрт сөндіру бөлімі 101 мен 112-ге хабарласу керек.

Дулат АЛТЫНБЕК,
аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша тұрғын үй алу кезегінің тізімі

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезектілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Қартаңбай	Гүлайым	Жаңалыққызы
2	Сағанай	Нұрқанат	Серікұлы
3	Жаңабай	Ержан	Мирамбекұлы
4	Үсен	Мақсат	Маратұлы
5	Нұрпейіс	Әйгерім	Алтынбекқызы
6	Жүніс	Меруерт	Сәрсенқызы
7	Туменғали	Самат	Темірханұлы
8	Күзембаев	Бағдат	Нұрланұлы
9	Әбдібек	Қуаныш	Мұратұлы
10	Сәлімова	Жибек	Ерзатқызы
11	Сұлтанов	Жолдасбек	Нұрлыбекұлы
12	Бекберген	Рауан	Ғалымжанұлы
13	Қартанбай	Бекұлан	Жаңалықұлы
14	Кетебай	Жансая	Серікқызы
15	Ыбыраш	Гүлфара	Зейноллақызы
16	Ерсұлтан	Айбану	
17	Қуанышбаев	Шамшар	Болатұлы
18	Шілдебай	Еркебұлан	Аманғалиұлы
19	Шілдебай	Гүлжазира	Аманғаликызы
20	Ахет	Нұрбахыт	Мадиярұлы
21	Батырбек	Жансая	Батырбекқызы
22	Жаңаберген	Қуаныш	Талғатұлы
23	Табынбай	Ардабек	Жарқынбекұлы
24	Бақтыбаева	Гүлжайна	Жанашқызы
25	Маден	Гүлзия	
26	Манабай	Мақсат	Есенғалиұлы
27	Бекенов	Арман	Алмасұлы
28	Сугирова	Динара	
29	Барлыбай	Айым	Бекбергенқызы
30	Тыныштықов	Батыржан	Болатұлы
31	Аубакирова	Айгерім	
32	Нұрманова	Инабат	
33	Қабылбек	Рамазан	Сұлтанбекұлы
34	Асқаров	Ерасыл	Ғалымжанұлы
35	Тасқараев	Әлібек	Тұрғанұлы
36	Серікбай	Жанерке	Шаймағанбетқызы
37	Нуриев	Нурсултан	Насрадинович
38	Кенжебаева	Аружан	
39	Қуанышбай	Сағит	Маратұлы
40	Мінаш	Дана	Әлқуатқызы
41	Серікбек	Шерхан	Қонысбекұлы
42	Алашбай	Гүлнар	
43	Жаппасбаева	Диана	
44	Асанов	Адилет	
45	Қалдыбек	Мақсат	Қалдыбекұлы
46	Елдей	Арсен	Рамазанұлы
47	Бекіш	Арсен	Талғатұлы
48	Сарсенбай	Бибарыс	
49	Ғалымжан	Рамазан	Ғалымжанұлы
50	Аубакирова	Жанель	Болғанбайқызы
51	Нұрмахан	Нұрхан	Жаңабекұлы
52	Мұратбек	Маржан	Дүйсенқызы
53	Құдайқұл	Айнұр	Нұрсұлтанқызы
54	Өтеген	Бекарыстан	Асылбекұлы
55	Нұрман	Аят	
56	Рамаш	Әділет	
57	Орынбеков	Нұрәлі	
58	Қуанышбай	Рашид	Маратұлы
59	Асанов	Дәулет	Ақылбекұлы
60	Әділбек	Жаннұр	Шынтасқызы
61	Сугир	Данел	Викторұлы
62	Каналхан	Аманбай	Жомартұлы
63	Каналхан	Кәусар	Жомартқызы
64	Каналхан	Бейбарыс	Жомартұлы
65	Каналханова	Арманай	Жомартқызы
66	Абилбеков	Жубандық	Дауренбек улы
67	Ізенова	Гүлдер	Дарханқызы
68	Рамаш	Ернұр	
69	Рысдаулет	Ерасыл	Мырзабекұлы
70	Рысдәулет	Жанасыл	Мырзабекұлы
71	Ордабек	Дәулет	Жұмабекұлы
72	Серік	Балнұр	Бауыржанқызы
73	Серік	Бағлан	Бауыржанұлы
74	Серік	Санжар	Бауыржанұлы
75	Әубәкір	Белес	
76	Мирамбек	Арман	Әскербекұлы
77	Әскербекқызы	Дана	
78	Сугирова	Жасмин	Викторқызы
79	Смағұл	Сағдат	Бағдатұлы
80	Смағұлова	Жания	Бағдатқызы
81	Жалбыр	Даниил	Сергеевич
82	Жалбыр	Наргиз	
83	Әділхан	Сайран	Думанұлы
84	Нұрманов	Нұрмағанбет	
85	Нұрман	Азамат	
86	Тұрған	Ағиса	Сәбитқызы
87	Сансызбай	Темірбек	Талғатұлы
88	Тәшен	Жанерке	

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша көпбалалы отбасылардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезектілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Турмаханова	Дилрабо	Мустафаевна
2	Ахметқалиева	Нұрсауле	Шынжырбекқызы
3	Жапбасбаева	Нурсулу	Менлибаевна
4	Ержанова	Қуанышкүл	Абдоллақызы
5	Мылтыкбаева	Елена	Дарханбековна
6	Серикбаева	Малика	Сайдуллаевна
7	Жайлаубай	Алтынай	Кеңесбекқызы
8	Алмакбаева	Лайла	Танатаровна
9	Теміржанова	Назерке	Бердібекқызы
10	Смаилова	Сауле	Булатовна
11	Кулмаганбетова	Жаксыгул	Бакбергеновна
12	Кузембаева	Айнур	Сандибековна
13	Жүсіпова	Мөлдір	Бақытбекқызы
14	Турмаханова	Гуланар	Мустафаевна
15	Ұлтанова	Динара	Болатбекқызы
16	Есмағанбетова	Гүлнара	Атымтайқызы
17	Махашова	Нұрсұлу	Берекеқызы
18	Шарапатова	Әйгерім	Өтебайқызы
19	Сәйділда	Сәуле	Уайділдақызы
20	Кайранбаева	Кумис	Конирбаевна
21	Сұлтан	Нұргүл	Нұрланқызы
22	Дуйсенбаева	Салтанат	Сарсенбековна
23	Ғаниева	Венера	Оспанқызы
24	Менбаева	Майра	Максутовна
25	Нурпейсова	Мирамкул	Нурлыбековна
26	Оспанова	Айна	Кайырбековна
27	Меңлібаева	Ақнұр	Қайырбекқызы
28	Болатбек	Акмарал	Казбековна
29	Шильдебаева	Зауре	Амангельдиевна
30	Урметова	Арайлым	Шатимахановна
31	Илиясова	Жаркынай	Ермановна
32	Досқалиева	Меруерт	Төлегенқызы
33	Кулманова	Фариза	Муратбековна
34	Еркебаева	Нуржамал	Аманбайевна
35	Серікбаева	Дина	Тұрғанбайқызы
36	Корганбаева	Баян	Жуматаевна
37	Шамшиева	Зухра	Шынгисхановна
38	Маханова	Аяна	Ерболатовна
39	Советова	Айдана	Рахымбекқызы
40	Едігеева	Гулдарай	Жұманқызы
41	Пірманова	Шарбану	Алтайқызы
42	Серикбаева	Гульмира	Оракбаевна
43	Азмаханова	Замира	Болатбековна
44	Жусипбеков	Бауыржан	Косымович
45	Қонырбаева	Камшат	Манаққызы
46	Рахманова	Нургуль	Жиенбековна
47	Айтбенбетова	Айгерим	Кайратовна
48	Абдікадір	Жарқын	Орыналықызы
49	Серікбай	Сабира	Серікбайқызы
50	Бақбергенова	Ақбота	Сұлтанқызы
51	Турмаханова	Роза	Прмановна
52	Боханова	Айгуль	Усеиновна
53	Арапбаева	Арайлым	Жәнібекқызы
54	Пірназарова	Гүлфайруз	Мақсұтқызы
55	Мұзапбарова	Ақерке	Әбілқасынқызы
56	Кулжанова	Гульмира	Кишкенеевна
57	Таженова	Мөлдір	Болатбекқызы
58	Сұлтан	Данабек	Нұрланұлы
59	Асанұлы	Нұрбол	
60	Әжімбекова	Мархабат	Панабекқызы
61	Дүйсен	Нұржанат	Темірбекқызы
62	Қалиева	Айгүл	Серікқызы
63	Үмбетова	Салтанат	Әбдімәлікқызы
64	Андетова	Гулшара	Қыдырбайқызы
65	Искакова	Жазира	Асановна
66	Чулаева	Гулбону	Сикандаровна
67	Жайлаубаева	Айсулу	Тулегеновна
68	Султанова	Айгерим	Сериковна
69	Искакова	Гулжаухар	Сандибековна
70	Утенова	Самал	Орынбасаровна
71	Данышпанова	Мейрамкүл	Таңатарқызы
72	Сейтпенбет	Фатима	Болатқызы
73	Абишева	Салтанат	Сериковна
74	Қажмұхамбетова	Гулфарида	Школбайқызы
75	Тұрсынқұлова	Жанар	Асанқызы
76	Әубәкір	Нұршат	Еркінқызы
77	Құлбекова	Гүлстан	Серікқызы
78	Нұрматова	Ақбаян	Бақытжанқызы
79	Мамбетова	Ажар	Жарқынбекқызы
80	Исмаилова	Жанэта	Мусаевна
81	Нурмаганбетова	Жанарым	Калибековна
82	Төлеуова	Камшат	Әкімұлықпанқызы
83	Баймұратова	Зина	Мұратбекқызы
84	Тажимбетова	Асемкуль	Жумамуратовна
85	Өмірбаева	Айдана	Темірқызы
86	Сәндібеков	Алтынбек	Орынбекұлы
87	Карибаева	Ботагоз	Абдиманаповна
88	Бимырзаева	Гүлфариза	Әділханқызы
89	Джакипова	Роза	Мухамедгалиевна
90	Сарманбаева	Токжан	Бакытжановна
91	Қалымбетова	Мереке	Әділбайқызы
92	Койлыбаева	Гульбакыт	Акмырзаевна
93	Қалдыбаева	Балнұр	Нұрғалиқызы
94	Оспанқұлова	Назгүл	Қалдыбекқызы
95	Жағыпар	Ақниет	Нұрабекқызы
96	Уполхожаева	Кенжегуль	Сералиевна
97	Дәужігітова	Гүлнұр	Темірбекқызы
98	Пренова	Тамара	Жақсыбайқызы
99	Келмаганбетова	Жанаргуль	Шаймухамбетовна
100	Сыздыкова	Жанар	Болатбековна
101	Ілиясова	Гулжайна	Кетебайқызы
102	Каналиева	Жанагул	Бекболатовна
103	Искакова	Акмарал	Жаркынбековна
104	Абдыкаликова	Гулжайна	Дауровна
105	Бекбанова	Әсел	Арыстанбекқызы
106	Буханова	Самал	Болатқызы
107	Алдамжарова	Меруерт	Хамитовна
108	Бейсенбаева	Рауан	Асылбекқызы
109	Шалбакирова	Гулжахан	Баксейлкызы
110	Шаймаханова	Жанна	Раушанбекқызы
111	Бисекеева	Шаттық	Мұхитқызы
112	Бегалиева	Айгүл	Тәуірбайқызы
113	Ерназарова	Гүлнұр	Ердаулетқызы
114	Тәуіпбаева	Ләйлә	Төребекқызы
115	Бекбанова	Айкерим	Арыстанбековна
116	Буранбаева	Роза	Сериковна
117	Куракбаева	Акмарал	Оразбековна
118	Алшынбаева	Айгүл	Иманбайқызы
119	Исахожаева	Актоты	Серикбаевна
120	Қанибаева	Айнаш	Сайлаубекқызы
121	Қожахметова	Гулжайна	Жахыпбекқызы
122	Алияқпарова	Жұлдызай	Талғатқызы
123	Әуезова	Алма	Әмірқызы
124	Ибраева	Жазира	Қуанышбекқызы
125	Меңлібаева	Айман	Оңғарбекқызы
126	Мұбаракова	Ақбота	Таласқызы
127	Сағызбаева	Айзат	Таңжарыққызы
128	Кенжеғара	Нәзира	Ержанқызы
129	Шалқымаева	Әсем	Маханбетқызы
130	Нуркенова	Баян	Кахармановна
131	Тулегенова	Назыгул	Нурлибековна
132	Ақышова	Гүлзат	Тулешқызы
133	Рахатова	Назира	Сәулебайқызы
134	Биболова	Жанна	Оразбекқызы
135	Куанышбекова	Карлыгаш	Нурмахановна
136	Аитмаганбетова	Мирамкул	Игенбаевна
137	Абишева	Айзат	Маратовна
138	Бекбатырқызы	Самал	
139	Суюнбаева	Айгуль	Алмасбековна
140	Туякбаева	Гулжайна	Серикбаевна
141	Мақсұтқызы	Әдемі	
142	Сабырәліқызы	Жәзира	
143	Калабаева	Салтанат	Оразовна
144	Киятбаева	Гульжайна	Бисембаевна
145	Жұбатқанова	Мақпал	Қажыкенқызы
146	Бисенова	Гулжайна	Сахиевна
147	Сәрсекова	Гүлжан	Сәрсенбекқызы
148	Қашақбаева	Нұржанат	Дүйсенбекқызы
149	Жаңабаева	Ардақ	Табынбайқызы
150	Агатаева	Гулсим	Багдатовна
151	Жұрмаханова	Надежда	Тұрсынбекқызы
152	Піржанова	Күнсұлу	Берікқызы
153	Бағдарова	Сандуғаш	Жорабекқызы

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын азаматтардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезектілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Имангалиев	Виктор	Абилович
2	Дюсекенова	Салтанат	Кабиоллаевна
3	Есетова	Майра	Рамашқызы
4	Икласова	Моншак	Жалиевна
5	Наурызбаева	Ақгүл	Саудақызы
6	Кайрбаева	Бибайша	
7	Шонбаев	Асылбек	Сарсенбекович
8	Бимұрзаев	Батырхан	Бұхарбайұлы
9	Келмағанбетов	Аманбол	Бекмаханұлы
10	Жаңабай	Еркебұлан	
11	Маханбетова	Айнур	Ердибековна
12	Құдайберген	Самат	Асылбекұлы
13	Құрманайқызы	Әсел	
14	Айдынбай	Сейфұлмәлік	Қайырбекұлы
15	Сугирова	Самал	Алпысбайқызы
16	Доспанова	Гүлмира	Сансызбайқызы
17	Дилдабаева	Бакыткуль	
18	Аймуратова	Уржан	Назарбаевна
19	Қарамендеева	Жазира	Пернебайқызы
20	Косжанова	Раушан	Балтабаевна
21	Тулегенова	Шолпан	Асанбаевна
22	Бердиева	Әсел	Серікқызы
23	Кунтуар	Нұржан	Батырбекұлы
24	Калиева	Мархабат	Тыныштыкбаевна
25	Мырзабаева	Алтынай	Машеновна
26	Адамбаева	Эльмира	Мырзабекқызы
27	Баркова	Татьяна	Геннадьевна
28	Михаилова	Мария	Александровна
29	Салмурзаев	Багдат	Жамбулович
30	Сейтова	Гүлнар	Сисенбайқызы
31	Төлеуова	Гүлшат	Әкімұлықпанқызы
32	Кальниязов	Онталап	Манерович
33	Байкенова	Алмагуль	Егизбаевна
34	Усерова	Асмира	Сарибаевна
35	Кененбаева	Индира	Куанышбековна
36	Усенова	Галия	Саргаскаевна
37	Жараспаева	Гульжан	Султангалиевна
38	Сымабаева	Мархабат	Енбековна
39	Дәндібаева	Ұлбосын	Мұхамеджанқызы
40	Жусупова	Алтынай	Умирхановна
41	Киясова	Айгуль	Алдонгаровна
42	Саймаганбетова	Гулмайра	Рахманбергеновна
43	Балманова	Асима	Қайырбекқызы
44	Шайхиева	Жадыра	Ақылбекқызы
45	Байтурганова	Мейрамкул	Кулиевна
46	Каракаева	Замзагул	Нурмуратовна
47	Оспанова	Оразкуль	Абиевна
48	Мусаев	Рахат	Дарханович
49	Елеуова	Гулжайна	Турлыбековна
50	Бисембаева	Манат	Бодыковна
51	Үақбаева	Шара	Серікқызы
52	Сартова	Гульмира	Айтпаевна
53	Ауезов	Мухтар	Кожабекович
54	Сугирова	Салтанат	Алпысбаевна
55	Алмасов	Рустембек	
56	Тойшыбекова	Салима	Серікбайқызы
57	Пірманова	Светлана	Әбілханқызы
58	Байхожаева	Нуржамал	Алтынбековна
59	Елеусинова	Макпал	Алтынбековна
60	Құрманбаева	Айзада	Мұханбетқалиқызы
61	Тоқмырзаева	Индира	Алдабергенқызы
62	Сисенова	Гульмира	Сарсенбаевна
63	Бекмахан	Баубек	Талғатұлы
64	Бұзауов	Диас	Қайырғалиұлы
65	Алпысбаева	Гулжан	Азтаевна
66	Ташкенбаева	Гульмира	Шаймыхановна
67	Толегенова	Гульжан	Абатшаевна
68	Биманова	Айжан	Қадырбекқызы
69	Молдабек	Алтынай	Ғанибекқызы
70	Есетова	Аккенже	Рамашовна
71	Шерубаева	Кулшат	Саудабековна
72	Дабылова	Азима	Сәрсенғалиқызы
73	Абилканова	Нургул	Адилбековна
74	Культешова	Мира	Араловна
75	Ізтаева	Нұржамал	Жорабекқызы
76	Садықова	Гулфайруз	Жұмабекқызы
77	Бағдар	Құндыз	Әділбекқызы
78	Таженова	Алмагуль	Нургалиевна
79	Ертілеуова	Айнұр	Өткелбайқызы
80	Қожабаева	Сәуле	Тынышбекқызы
81	Ермекбай	Айжан	Жаңабайқызы
82	Әубәкір	Ақмарал	Сайлаубекқызы
83	Тұрабаев	Үсен	Асланбекұлы
84	Ерғазин	Мархабат	Исақызы
85	Исламова	Лаура	Қыпшақбайқызы
86	Әбу	Ғалия	Әниятқызы
87	Есмағанбетова	Гүлжайна	Ғабдоллақызы
88	Тұрышбенбетова	Меруерт	Үсенбекқызы
89	Дүйсенбаева	Тұрсынкүл	Ерғарақызы
90	Қалиева	Сәуле	Тыныштықбайқызы
91	Ділдабек	Нәзгүл	Әбдухалиқызы
92	Есимова	Замира	Бауыржановна
93	Жаксылыкова	Марина	Алмахановна
94	Жантүгелқызы	Әсел	
95	Ахметова	Ұлбосын	Жақсылыққызы
96	Уйсимбаева	Нуржамал	Алибаевна
97	Еспенбетова	Айгүл	Ерданқызы
98	Жүргенов	Серік	Сабырұлы
99	Каржаубаева	Жаныл	Калдыбековна
100	Мылтықбай	Құралай	Батырбекқызы
101	Садуақасова	Перуза	Алпысбайқызы
102	Макишева	Алма	Балмаганбетовна
103	Әшірова	Меруерт	Есенгелдіқызы
104	Ермаханова	Гүлназ	Ақылбекқызы
105	Балмаханова	Эльмира	Атымтаевна
106	Еспенбетова	Нургуль	Аманжоловна
107	Жаппасбаева	Айсулу	Жаксылыковна
108	Әбілдаева	Гүлзат	Ділдабекқызы
109	Смайлова	Айнур	Койшибековна
110	Балмаханова	Жанат	Мырзабайқызы
111	Калиева	Айсулу	Алтынбековна
112	Есназарова	Әлия	Өтегенқызы
113	Бектаева	Ақбөпе	Алмасқызы
114	Момынтаева	Айзат	Алиханқызы
115	Үйсімбаева	Гүлжамал	Әлібайқызы
116	Төлегенова	Назерке	Ерданқызы
117	Оразбай	Динара	Оразбайқызы
118	Джолмаханова	Гулзабида	Аллаяровна
119	Бисенова	Нурила	Сапарбековна
120	Рахманқұл	Ақгүл	Темірқызы
121	Даришова	Жаннұр	Серікқызы
122	Бисенова	Калия	Нысанбаевна
123	Кузембаева	Айгуль	Толешбаевна
124	Әбдіраш	Жұлдызай	Үсенқызы
125	Абишева	Женискул	Бахытбековна
126	Каюпова	Жулдызай	Абилхановна
127	Упабеков	Бахытжан	Ахметжамиевич
128	Муратбаева	Гулзинат	Мырзабаевна
129	Агисаева	Меруерт	Талаповна
130	Ұзақов	Ғази	Мирамұлы
131	Танатарова	Жұлдызай	Советқызы
132	Дұржан	Динара	Жұмабекқызы
133	Исмайлова	Лаззат	Жанатовна
134	Тайша	Әсем	Шарафиқызы
135	Баймаханова	Мөлдір	Маратқызы
136	Копболова	Майра	Адиковна
137	Беркинбаева	Зоя	Бердалыевна
138	Мұханбетжанқызы	Айкерім	
139	Бисембаева	Гулназ	Тлеулиевна
140	Алтынбек	Меруерт	Қайыржанқызы
141	Тәуекелова	Қымбат	Жалғасқызы
142	Итенова	Умит	
143	Әлиакбарова	Ажар	Ұзақбайқызы
144	Бибатырова	Зару	Кенжебаевна
145	Айманов	Айбек	Ерланұлы
146	Сейтенбаев	Асқар	Қыдырбайұлы
147	Бөрі	Назерке	Әмірбекқызы
148	Алжанова	Гулдана	Жетибаевна
149	Айназарова	Айнур	Берикбаевна
150	Баймағанбетова	Жадыра	Бекмағанбетқызы
151	Кенжеқара	Самал	Сүйіндікқызы
152	Елдеев	Кайрат	Рабекович
153	Құндыбаев	Тілепберген	Мұханұлы
154	Рысмаханов	Болатбек	Берикболович
155	Мустафина	Жибек	Жалгасбековна
156	Мұзарап	Тамара	Айтбайқызы
157	Қуанышбай	Ержан	Болатбекұлы
158	Қарғабай	Айсұлу	Табынбайқызы
159	Пралиева	Жазира	Ерболатқызы
160	Ескараева	Гулжамал	Тулейбергеновна
161	Сариев	Мурат	Болатович
162	Женсикбаева	Айгуль	Жумабековна
163	Акшабаев	Еркинбай	
164	Арыстанова	Күлшат	Еркінқызы
165	Саймова	Салтанат	Бекмахановна
166	Куракбаев	Съезд	Тулеутаевич
167	Селбесинова	Айгул	Шахмановна
168	Қуандық	Аққаркын	Серікқызы
169	Құтыбаева	Гүлназ	Әмірбайқызы
170	Орынбек	Самал	Дайрабайқызы
171	Әбдреева	Рауан	Жайықбайқызы
172	Мұратбаева	Мөлдір	Жақсылыққызы
173	Қайырбекова	Айзада	Сейфулмәлікқызы
174	Қартабай	Айдана	Сейтқанқызы
175	Жорабек	Ерсұлтан	Өсербекұлы
176	Китанова	Жадра	Каратаевна
177	Үдербаева	Гүлзат	Жақсылыққызы
178	Кашакбаева	Раузат	Дуйсенбековна
179	Курбанбаева	Насиба	Асетовна
180	Пірманова	Рабат	Бөрібайқызы
181	Байғанаева	Бөбек	Жақсылыққызы
182	Скакова	Гулжайна	Тынышбековна
183	Аймағанбет	Назерке	Ермекбайқызы
184	Тажбенова	Фарида	Кенесовна
185	Ермұханбетова	Ақжан	Тоқтанбекқызы
186	Серікова	Гүлжан	Нұрханқызы
187	Өтекеш	Жансая	Серғазықызы
188	Арықбаева	Нұргүл	Қойшыбекқызы
189	Елшибаев	Сарсенбай	Жумадилович
190	Елшибаева	Салтанат	Жумадиловна

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезектілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Баймаханов	Жайдарбек	Абилбекович
2	Кенбаев	Нұрбек	Жақсылықұлы
3	Алайдарова	Айгүль	Рахатовна
4	Үсейнов	Қанат	Сұлтанбекұлы
5	Абдикаликова	Алия	Сансызбаевна
6	Алпысбаева	Айжан	Азтаевна
7	Сайранова	Самал	Маханбеталиевна
8	Икматов	Асылбек	Жеткенович
9	Жәнібекова	Индира	Ақтауқызы
10	Раушанова	Гүлнәз	Жақсылыққызы
11	Искакова	Рая	Жолдасовна
12	Мұрынбаева	Шолпан	Ахметқызы
13	Қалиева	Раушан	Алтынбекқызы
14	Айлауова	Эльмира	Куанышхановна
15	Жусупбекова	Алтынай	Асқарбайқызы
16	Ергалиев	Бердибек	Балтабаевич
17	Жетписбаева	Айжан	Еркиновна
18	Табынбаева	Назгүл	Ерболқызы
19	Бегалиева	Мөлдір	Мархабайқызы
20	Сексенбаева	Анар	Серікқызы
21	Жарасбаева	Мухтарипа	Бектургановна
22	Өксікбаева	Ақмаржан	Нұрлыбекқызы
23	Садуақасова	Замира	Тағанбайқызы
24	Адилов	Руслан	Акбергенович
25	Балмаханов	Султанғазы	Қанибайұлы
26	Мырзабекқызы	Индира	
27	Аманғалиқызы	Әйгерім	
28	Кайырлапова	Куралай	Багдатовна
29	Ысқақова	Аманкүл	Жарқынбекқызы
30	Оразбаева	Лиза	Болатқызы
31	Кенжеғараева	Гүлзира	Ержанқызы
32	Аманжолова	Майгуль	Суюндиковна
33	Тлесов	Бердибек	Шарапатович
34	Ташенова	Жұлдызай	Сахиевна
35	Жиенбаева	Раушан	Жансейітқызы
36	Жорабек	Ернар	Күмісбекұлы
37	Баймаханов	Галимжан	Абдрахманович
38	Әшірбек	Гүлнәр	Жаңабайқызы
39	Құланбаев	Әділет	Бостандықұлы
40	Алмас	Әсел	Қонысбекқызы
41	Муса	Нұрбек	Маратұлы
42	Канатбаева	Нуржамал	Картанбаевна
43	Телишева	Айымша	Жанаевна
44	Қайрова	Айдана	Базарқызы
45	Алмат	Ерлан	Алматұлы
46	Есполов	Қайрат	Аймырзаұлы
47	Асылбекұлы	Әділет	
48	Ескалиев	Асхат	Мажитұлы
49	Жұмабеков	Марал	Дарханұлы
50	Қоржанов	Али	Медеуұлы
51	Әбуқадыр	Қаршыға	Кенжебекқызы
52	Маратқызы	Нұрсұлу	
53	Жұмағұл	Нұрсұлтан	Ақылбекұлы
54	Құдабаев	Ербол	Серікұлы
55	Бодыбаева	Айнұр	Есенгелдіқызы
56	Биболова	Динара	Оразбекқызы
57	Нұғман	Мая	Сәруарқызы
58	Шәмші	Нұргүл	Бахытбекқызы
59	Баянова	Сания	Избасаровна
60	Искакова	Малика	Амангельдиевна
61	Шабакова	Роза	
62	Садыков	Союзбек	Акметжанович
63	Смағұлова	Гулжайна	Ғабиденқызы
64	Ахметов	Шынғыс	Ідірісұлы
65	Инят	Айгүл	Мұратбекқызы
66	Жүргенбаев	Ерлан	Бахытбекұлы
67	Қарабалаева	Гүлжанат	Сәбитқызы
68	Жақсылықова	Жадыра	Баймаханқызы
69	Жумадиллаева	Мария	Мамытовна
70	Тұрмаханова	Әсия	Сапабекқызы
71	Акбергенова	Шолпан	Куанышевна
72	Ауесбаева	Багила	Галымовна
73	Өмірсерік	Рима	Алматқызы
74	Әбдуайтов	Жасұлан	Сәрсенбайұлы
75	Ілиясова	Гүлнәзия	Халилуллақызы

2023 жылғы 17 наурызға Жалағаш ауданы бойынша жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезектілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Суйенишова	Каршига	Мамбетовна

Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық **"Жалағаш жаршысы"** газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2.

Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сейсенбі, сенбі** күндері.

Таралымы – 3097 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- **Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;**
- **Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;**
- **Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге;**

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Төле би №5а.

Жарнама бөлімі: 8 (724-31) 32-0-41, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2023 жылдың I тоқсанында Жалағаш ауданының және кент, ауылдық округ әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Кент, ауылдық округ атауы	Өткізілетін күні, уақыты	Өткізілетін орны
1	Жаңадария ауылдық округі	29.03.2023 сағат 09.00	№203 орта мектеп
2	Аламесек ауылдық округі	29.03.2023 сағат 10.30	Ауылдық мәдениет Үйі
3	Еңбек ауылдық округі	29.03.2023 сағат 12.00	Ауылдық мәдениет Үйі
4	Аққұм ауылдық округі	29.03.2023 сағат 15.00	Ауылдық клуб
5	Бұқарбай батыр ауылдық округі	29.03.2023 сағат 16.00	Ауылдық мәдениет Үйі
6	Таң ауылдық округі	29.03.2023 сағат 17.00	Ауылдық мәдениет Үйі
7	Аққыр ауылдық округі	30.03.2023 сағат 09.00	№188 орта мектеп
8	Жаңаталап ауылдық округі	30.03.2023 сағат 10.30	№119 орта мектеп
9	Мақпалкөл ауылдық округі	30.03.2023 сағат 11.30	№117 орта мектеп
10	Мәдениет ауылдық округі	30.03.2023 сағат 15.00	Ауылдық клуб
11	Мырзабай ахун ауылдық округі	30.03.2023 сағат 16.00	№122 орта мектеп
12	Қаракеткен ауылдық округі	31.03.2023 сағат 09.00	Ауылдық клуб
13	М.Шәменов ауылдық округі	31.03.2023 сағат 10.00	Ауылдық мәдениет Үйі
14	Ақсу ауылдық округі	31.03.2023 сағат 11.30	№116 орта мектеп
15	Жалағаш кенті	31.03.2023 сағат 16.00	Руханият орталығы

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хабары

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 наурыздағы №АСК-01/250 қаулысымен Аққұм, Мырзабай ахун ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы жөніндегі осы ауылдық округтердің шекарасында сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 наурыздағы № АСК-01/251 қаулысымен Аққұм, Мырзабай ахун ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2023 жылғы 23 сәуірге тағайындалды.

Бекітілген Аққұм, Мырзабай ахун ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес кандидаттарды ұсыну 2023 жылғы 16 наурыздан басталады және 2023 жылғы 28 наурызда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және 2023 жылғы 2 сәуірде сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120200, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32, Аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты, байланыс телефондары: 31-7-19, 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz, интернет-парақшасына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/activities/2776?lang=kk

Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Дүйсембиев Берик Аманжолович – төраға, Бекжанов Бауржан Султанович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, мүшелері: Бекмолдаев Умирбек Кариевич, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Кулумбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№146 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділда Жүргенбаев көшесі №28, "Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің №122 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.Телефоны: 8(724 31) 35-4-06, эл почта: zhalsay146@mail.kz

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Нуратаева Гаухар Турабаевна – төраға, Қуаңбаева Гүлстан Орынбекқызы – төраға орынбасары, Изтаева Тоти Султановна – хатшы, мүшелері: Жармаханов Аблахат Жолдасбайұлы, Диханбаев Кайрат Батырбекович.

№147 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 "А", Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққұм ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8(724 31) 38-3-88, эл почта: zhalsay147@mail.kz

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Ибраев Абзал – төраға, Кузеков Байгасыр Умиртаевич – төраға орынбасары, Сарсенбаева Айдын Куанышбаевна хатшы, мүшелері: Ембергенов Болатбек Кожантаевич, Рысмаханова Гульдана Берикболовна, Коздыбаева Рая Турмахановна, Әлібек Нұрлан Ермекбайұлы.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Көне дәстүр күмбезі

КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНДЕ АЛҒЫС АЙТСАҚ, ОРТА ШЕНІНДЕ КӨРІСУ КҮНІН ҚАРСЫ АЛЫП, ТІРШІЛІККЕ НӘР БЕРГЕН ШҰҒЫЛАЛЫ МЕЗГІЛДІҢ КЕРЕМЕТІН СЕЗІНЕ ТҮСТІК. ИӘ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН КӨКТЕМ ЖАҢА ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ ІСПЕТТІ. СОНДЫҚТАН БҰЛ МЕЗГІЛДІ ҚАЗАҚТАР ЕЖЕЛДЕН ЕРЕКШЕ ТҰТАДЫ. НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕН БАСҚА КӨКТЕМНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАП ЖАСАЛАТЫН КӨНЕ НАНЫМ-СЕНІМДЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮР МЕН АМАЛДЫҢ БІРІ – «КӨРІСУ» КҮНІ, ЯҒНИ «АМАЛ» МЕРЕКЕСІ.

«Көрісу» немесе «Амал» мерекесі хақында не білеміз? Әсіресе еліміздің батыс өңірінде сақталып қалған бұл дәстүрдің тарихы бірнеше ғасырдан бастау алады. Сол уақыттан бері наурыз айының 14-і «Көрісу күні» болып белгіленген. Ал ұлттық мереке Наурызды халық «Көрісу» амалынан кейін тойлайды.

Тарихшылар бұл айтулы күннің шығу тарихын былайша түсіндіреді. Төрт түлік малының жайын жасаймын деп ұлан-ғайыр даланың әр пұшпағын қыстап отырған көшпенді халық қаһарлы боранда бірінің үйіне бірі бара алмай, жүзін көре алмай, тек қар көбесі сөгіліп, күн ұзарып, көктем шыққанда ғана көріскен көзайым қуанышынан қалыптасып дәстүрге айналып кеткен деседі. Сондай-ақ тарихшылар «Амал» күнінің дәл 14 наурызда атап өтілу себебін де Шығыс елдерінің күнтізбесінде наурыздың басталуы амал айының 1 жұлдызы болып есептелетінін, ал амал – Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы екенін, Тоқты шоқжұлдызы күн мен түн теңелгенде туатынын, яғни осы күні амал кіріп және бұл мереке наурыз айының соңына дейін жалғасатынын айтады.

Бұл күні ағайын-туыс, көрші-көлем, ауыл-аймақ бір-бірінің үйіне кіріп сәлем беріп, құшақтасып көрісіп, мәре-сәре болып жатады. Әсіресе жасы кішілер үлкен шаңырақтағы қарт кісілерге арнайы барып, сәлем беріп батасын алса, балалардың өзі бір-біріне сый-кәде ұсынады. Иә, қанша уақыт өтсе де айтулы күнді атап өтудің маңызы артпаса, мерекенің бұл түрі өз құнын жоғалтпасы анық. Бұл сөзімізге өткен сан ғасырлар дәлел болары сөзсіз. Себебі «Амал» мерекесі немесе «Көрісу» күні – қазақ халқының ежелден келе жатқан мерекелерінің бірі. Бұл – халқымыздың ұлттық болмысын паш ететін, жастарға ұлағатты тәрбие беретін ұлық мереке. Бұлай дейтініміз көрісу, қауышу деген – қай заманда да, қай қоғамда да қасиетті ұғым, жақсылықтың, ізгіліктің нышаны. Бірі-бірін сыйлайтын, құрметтейтін, бірін-бірі сағынған адамдар ғана көріседі. Күнделікті өмірдегі бірі-бірінің ренішін кешіреді, өкпе-назын көтереді, ұмытады.

Жалпы Наурыз мейрамы ежелден жаңару мен жасампаздықтың, ырыс пен берекенің арқауы болған. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғатпен байланыстырған халқымыз наурызды жақсылықтың бастауы деп білген. Ежелгі тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге жаңғырған наурыз мейрамы көпұлтты Қазақстан халқы үшін сүйікті мерекеге айналып, бірлік пен ынтымақтың, саяси тұрақтылықтың нығаюының негізі болды. Бұл күн мен түннің теңелген күні, молшылықтың мерекесі елімізге береке, байлығын ала келсін. Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ұлттық ерекшелігі айқындалатын бұл мейрамды жыл сайын асыға күтеміз. Бір-бірімізге ақ тілек тілеп, ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын деп алдағы келер күндерден ырыс пен молшылық, береке-бірлік, татулық пен шынайы мейірімділіктің ыстық ықыласын ақтаратын да осы – Наурыз мейрамы. Қашаннан халқымыз күн мен түннің теңелгенін жақсылыққа жорып, жыл басы деп санаған.

Әдетте жұрт бар жақсысын мейрам күні көрсетеді, жаңасын иығына іледі, дәмдісін дастарқанға қойып, өнерін ортаға салады. Дәл бүгін салт-дәстүрлеріміздің жаңғыратын күні. Осының аясында Наурыз айының 14-і күні жалағаштықтар жоғарыда айтып өткеніміздей, ерекше мән-маңызға ие «Амал» күнін қарсы алды. Мереке қарсаңында екі күн қатарынан орталық алаңда «Көне дәстүр күмбезі» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Ұлттық нақышта безендірілген сахна мен сән-салтанаты келіскен өнерпаздардың өнеріне, қойылымдарына куә болған аудан халқы «Амал» мерекесінің мән-маңызын тереңінен түсіне түсті. Алғашқы күні Аққұм, Жаңадария, Есет батыр, Еңбек ауылдық мәдениет үйлері «Сүйіндір» салтын сахналаса, Т.Жүргенов, Мәдениет, Аққыр мен Жаңаталап ауылдарының клуб ұжымы «Қазық майлау» салтының тарихы мен қолданыстағы маңызын қойылыммен жеткізе білді.

Мәселен «Сүйіндір» салты бойынша келіншек босанғаннан кейін оның анасы кәде, жорасын алып әдейі келуге тиіс. Бұл – қалыптасқан салт және ананың міндетті парызы. Мұны қызын қияға қондырған әр қазақ әйелі білуге және орындауға міндетті. Ана болған өз баласының қасында болып, оған рухани күш беріп, сенім туғызып, күту жолдарын үйретеді, ақылшысы, сүйеніші, қамқоры болады. Құда-құдағиларының немерелі болған қуанышына ортақтасады, нәрестеге арнаған бұйымдардың, сәлем-сауқатын ұсынады. Құрметті қонағы болады. Перзентті болған қызына анасының баруы ежелден келе жатқан жоралғы екенін жұрттың бәрі де растайды. Бізде осы салтты «сүйіндір» деп атады.

Қазақта босанған жас анаға арналатын тағы бір жақсы салт – келінге қалжа жегізу екенін білеміз. Бұрынырақта келін босанған соң қырық күн бойы оны күтіп, күнде жақсы, құнарлы тағамдармен тамақтандырған. Сорпа ішіп, тамағының тойымды болуы қадағаланған. Мұны жаңа туған сәбидің де денсаулығын, сау болып өсуін ойлағаннан жасаған. Өйткені ана сүтінің құнарлы, құнарсыз болуы баланың денсаулығына тікелей әсер етеді. Қалжаның күнделікті желінетін еттен айырмашылығы – ол жас босанған ана мен баланың сыбағасы. Қалжа, біріншіден, дүниеге келген нәрестенің құрметіне арналса, екіншіден, жас анаға дүниеге перзент әкелгені үшін арнайы сойылатын болған. Күнде келінге сорпасын ішкізіп, етін жегізіп отырғандықтан, жас босанған ана өзінің жоғалтқан күш-қуатын осы қалжа арқылы қалпына келтіреді. Босанғаннан кейінгі күтімге қалжаның тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Қалжа жеп, жас сорпа ішкен келіншектің сүті де маңызды, құнарлы болады. Баланың тез ет алып өсуіне әсер етеді. Қалжаның келінге қырық күн бойы берілуін енесі қадағаласа, ал аудан жұртшылығы тамашалаған «Сүйіндір» салтын босанған жас ананың өз анасы орындайды.

Орталық алаңда азан-қазан мерекелік көңіл-күймен, ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғыртқан елді мекендердің мәдениет үйлерінің ұжымы ұлттық тағам «Наурыз көжеден» де дәм татырды. Жиылған жұртшылық тіршілік жаңарып, жақсылыққа бастайтын Ұлыстың Ұлы күнінің алғашқы көжесінен де ауызтиіп, ұмытыла бастаған дәстүрлердің маңызын тағы бір еске алды. Ел мерейін үстем еткен өнерпаздарға көрермендер ықыласы ерекше болды. Қазан асылып, жеті күлше таратылып, ұлттық дәм наурыз көже барша көрермендерге ұлестірілді.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

НАУРЫЗ – КӨКТЕМ МЕЙРАМЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ. БҰЛ МЕРЕКЕ БІРНЕШЕ МЫҢ ЖЫЛДАН БЕРІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫМЕН АТАЛЫП КЕЛЕДІ. КӨНЕ ПАРСЫ ТІЛІНДЕ «НАУРЫЗ» ЖАҢА АЙДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. БҰЛ АЙДЫ СОҒДЫЛЫҚТАР «НАУСАРЫЗ», ХОРЕЗМДІКТЕР «НАУСАРДЖИ», АРМЯНДАР «НАВАСАРДИ», ЧУВАШТАР «НОРАС-ОЙАХЕ» ДЕП АТАҒАН.

Жандос ЖАЗКЕН

Ата дәстүр қайта жаңғырды

Өкінішке орай, ғасырлар бойы жалғасқан қасиетті мерекені тойлау кеңес заманы кезінде тоқтатылды. Елімізде де жылдар бойы бұл діни мереке деп саналып, тыйым салынды. Соңғы рет 1926 жылы тойланған Наурыз мейрамы елімізде 1998 жылдан бастап қайтадан ресми түрде аталып өте бастады. 2001 жылы Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тіріліткен, шуаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Бұл халқымыздың, тәуелсіздігіміздің ең негізгі тамырының бірі болып саналады.

Наурыз айында көңілінде кірбіңі барлар татуласады, адамдар бір-бірінің үйіне барып, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Наурызды «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейді. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Жер иесі – Қыдыр ата елді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген сенім-наным бар.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл мерекеде жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады.

Соңғы жылдары еліміз Наурыз мейрамын тек бір күн ғана атап өтпей, тұтас наурыз айын осы мерекені атап өтуге арнаған. Мейрамда тек ішіп-жеумен ғана шектелмей, болашақ ұрпақ үшін өнеге болатындай, ел руханияты мен мәдениетін байытатын іс-шаралар өзкізіледі. Яғни қазіргі таңда ұмыт болған салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртып, қазақи нақыштағы ұлттық киімдерімізді киіп, сән-салтанатымен тойлайды.

Осы орайда ауданымызда апта басынан бастап Наурыз мейрамын ерекше форматта атап өту қолға алынған. Сәрсенбіде қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңірімізде Таң, Бұқарбай батыр мен Ақсу ауылы кент орталығын дүбірлі думанға толтырды. Елді мекен өнерпаздары «Өңір салу» салтын сахналап, кент тұрғындарына қазақ халқының кереметтей ата салтын насихаттады. Сонымен қатар жеті нан пісіріліп, тамашалуға келгендер наурыз көжеден дәм татты.

Жалпы, қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әрбір жөн-жоралғының мән-мағынасы, астарында үлкен ой жатыр. Әр-бірінің орындалатын орны, уақыты, өз ережесі бар. Мәселен үйлену тойының өзін ғана алатын болсақ, бірнеше сатыға бөлінген салт-дәстүр, рәсімдерден тұрады. Оның әрқайсысы той барысында өз ретімен, орнымен орындалады.

Біздің заманымызда ескілікте қалып, ұмыт болған салт-дәстүрлер де бар. Соның бірі – өңір салу жоралғысы.

Өңір салу – қазақ халқының көне дәстүрінің бірі. Бүгінгі күнге дейін сақталғанымен тек кейбір өңірлерде ғана орындалады. Саты-сатыға бөлінген той дәстүрлерінің ішінде бұл рәсім тойдан кейін өтеді. Келін түсірген үйге әулеттің үлкен-кіші әйелдер қауымы шашу шашып келеді. Өңір салу кәдесый беру жоралғыларының тізімінде. Салттың негізгі мақсаты – жас отауға қамқорлық жасап, сый құрмет көрсетіп, аз да болса тұрмыстық жағдайға көмек беру. Уақытында көбінесе тұрмыстық заттар, қыз балаға арналған бұйымдар, киім-кешек және тағы басқа дүниелер әкелінген. Өңірге – әркім өз қолында барын, жағдайы жететін затын апарады.

Бұл дәстүрге келгендерді үй иесі малын сойып, дастарқан жайып, қонақ қылады. Рәсім соңында келіннің қайын жұртынан келген қоржынынан сарқыт таратылады. Бұл баршаға жұғысты болсын деген ырымды білдіреді.

– Керемет мейрам, наурыз көжеден дәм татып, қызықты, тәрбиесі мол қойылымды да тамашаладық. Ұйымдастырушыларға үлкен рақмет. Келген халық көтеріңкі көңіл-күймен тарқасуда. Өзіме өңір салу салты өте қатты ұнады. Қазақтың қай дәстүрін алып қарасаң да, астары терең, тәрбиесі мол ғой. Жас отбасы тезірек аяққа тұрып кетсін, ел қатарына қосылсын деген ниеттен туған осындай дәстүрді жаңғыртып, жалғастыру керек деп ойлаймын», – дейді кент тұрғыны Аружан Төлеген.

Иә, аудан тұрғындары Наурыз мейрамында қазақ болмысына тән көріністерге куә болды. Күйбең тіршіліктен мезі болған халық сән-салтанаты жарасқан шарадан көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты. Ауыл өнерпаздары сомдаған қойылымнан рухани азық алып, ұмыт болған салтқа екінші мәрте дем берді.

Наурызек келді көктеммен

Ұлыстың ұлы күні – күн мен түн теңеліп, жер-көкке жан бітіп, жан-жануар төлдеп, Жер-Ана бусанатын кез. Бұл мейрам – жақсылықтың бастауы, жаңа күннің, жаңа жыл басы. Түркі халықтары шуақты көктемнің шырайлы мерекесінен жақсылық пен жаңашылдық, береке мен бірліктің бастауын күтеді.

Жер бетіне жылуын беріп, тіршілікке жан бітірген ең ғажап мезгіл көтеммен бірге жыл құстары оралады. Күн жылынып, төңірек түгел жасыл түске еніп, жеміс ағаштары гүл атқанда сізді таңғы ұйқыдан құстардың сазды әні оятады. Әсіресе наурыз айында ұшып келетін наурызекті жұрт ерекше қарсы алады. Оны – жыл басы, көктем хабаршысы, жақсылықтың нышаны деп құрметтейді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көктем шыға сала табиғаттың оянып, тіршілікке жан бітуін аң-құстардың келуімен байланыстырып жазады: «Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай тептегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан, екінші жағына карай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп». Бұдан басқа «Самарқанның көк тасы ериді» деген де аңызға бергісіз тәмсіл тағы бар... Жанды нышанның бірі – жыл құсы, Наурызкөк торғайы. Бұл наурыз келісімен ерекше сайрайтын торғайдың бір түрі.

Наурызек – қауырсындарының түсі сұр-қара түсті болып келетін, кеудесі сары түстес кішкентай ғана құс. Кішкентай құс болғанымен құйрығы ұзын келеді. Наным бойынша наурызек келгеннен кейін суықтың беті қайтып, жер жүзі жылына бастайды. Кей өңірлерде осы құстың келу құрметіне арнап бүкіл ауыл болып наурыз көже дайындалады.

Бұл құс туралы аңыз да жоқ емес. Құсты бірінші көрген адам оны жақсыллыққа балап, қолда барын алдына тосады, жем шашады. Содан соң «Наурызкөгім келдің бе?» немесе «Наурызек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?» деп сұрайды екен. Мұндағы «анаң» дегені, яғни наурызектің анасы – қасиетті Жер-ана.

Наурызектің әлемде алпысқа жуық түрі бар екен. Ол ұясын шөп арасына салады. Тек өкініштісі, бұл құс туралы мәлімет өте сирек. Тіпті бағыңыз жанып, жолыңыз болып ерте көктемде ұшырасып қалмасаңыз, ғаламтор бетінен суретін табу да қиын. Өйткені бұл кішкентай құс адамдардан аулақтау, көзден таса жерде жүреді. Сондықтан да болар, қазақ халқында наурызекті алғаш көрген адам онысын жақсылыққа балайды. Наурызектің көктеммен бірге келуін жақсылыққа балаған ата-бабамыздың бір білгені бар шығар...

Дайындаған Нұр НАУАН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөмірінє хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 446

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН